

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ПАТРИОТИЗМ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ ИДЕЯ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Нарық жағдайында индивидуализм жоғары түрлөді, алайда біз оны халықтың санасына жылдам ендіре бастадық. Оның нәтижесі көп күтпірген де жоқ. Қазіргі танда көпшілік үшін, өсіреле жастар арасында «Не болса ол болсын, маған зияны тимесе болғаны» деген түсінік кен тараған.

Алексис де Токвиль «Америкадағы демократия» атты кітабында «Индивидуализм – адамды отбасы мен достар ортасында ғана болуға тәрбиелейтін сапа. Адам өзін жеке талғамымен таңдалған шағын қоғаммен шектеп қою арқылы үлкен қоғамды өз күшіне ғана сенуге итермелейді. Индивидуализм алдымен адамды қоғамдық жанашыр болудан арылтқанымен, уакыт өте келе қалған жақсы қасиеттердің бәрін бұзады, тұptеп келгенде, әгоизмге, күнәға алып келеді» – деген жазады.

Индивидуализм жеке бастамашылдық пен тәуелсіздікті ынталандырып қана қоймай, сонымен бірге масаттанушылыққа, азаматтық апатияға және қоғамның күйреуіне алып келеді. Американдықтарда жеке тұлғаның еркіндігіне деген

ұмтылыстары күшті болғаны сонша, енді қоғам толықтай тас жүрек, жанашырсыз жандар мекеніне айнала бастады.

Біздің құндылықтар мен идеалдар өзгеріске ұшырады, қунделікті қажеттіліктердің қамымен жүріп, тіпті бөлек нәрселерді ойлайтын болдық. «Алдымен Отаныңды ойла, содан кейін өзінді ойла» деген кенес заманының идеалы көптеген азаматтар үшін, өсіреле жастар үшін, бөтен нәрсе болып көрінеді.

Қоғамдық өмір жылдам өзгеруде. Қоғам игілігін ойлау, дін, этноаралық шыдамдылық, еңбекке деген құрмет, аялаушылық секілді көптеген құндылықтар ұмыт бола бастады. Ен бастысы – өзің үшін алып, өз проблеманды шешу болып барады.

Міне дәл осы индивидуализмге жылдам ауысу нәтижесінде болған сәйкес келмеушілік осындай қоғамдық ауруларға тап қылды. Үлкен және орта жастағы азаматтардың бірқатары өлі де ұжымдық құндылықтармен өмір сүруде, ал жастар – индивидуалисттерге айналды.

Біріншіден – Қазақстан Президенті көп ұлтты халықтың ауызбіршілігі деп санайды. Екінші – «ұлт – ол Қазақстан мемлекетінің азаматтары, сонымен қатар өзге ұлттардың құқығы аяқасты болмау жолында қазақ халқына үлкен жауапкершілік артылады. Ал өзге халықтар казак ұлтының өз өзін танытуына түсініктіпен қарау керек». Үшінші – діни келісім. Осы тұрғыда Назарбаев «Құдай ортақ, ал оған бара жол әртүрлі» дейді. Төртінші – халықтың бойында занға құрметпен қарау мінезін тәрбиелеу қажет. Бесінші – экономика.

Жоғарыда айтылғандарды топшылай келе мынадай корытынды жасауға болады. Қазақстанда патриоттық тұрғыда тәрбиелеудің өзегі өзара татуласа Әмір сұру, Қазақстан Республикасы – мемлекетінің барша азаматтарының өсіп-әркендеуі мен ғұлденуі болып, ол ұлттық идеяға айналуы керек. Бұл тұрғыдағы ойларымызды саясаткер Әлихан Бәйменов былайша сабактайды.

«Қоғамдық-саясат ахуалдың тұрақтылығы, тұрлі ұлт өкілдерінің өзара түсініктігі – қоғам мүшелерінің жасампаздық сипатта енбек етуінін, экономикалық, әлеуметтік, мәдени проблемаларды шешудің алғышарты екені дәлелдеуді қажет етпейтін болар. Және де әр ұлт өкілдері өздерінің ұлттық мәдениетімен рухани нәр алса, мәдени мұраларының озық үлгілерімен таныса алар болса өзге мәдениеттерге, өзге этностарға көзқарасы да байсалдылық пен тәзімділік танылммен түсінісу тұрғысынан болар еді»[2].

Қазақстанның 18 жыл тәуелсіз ел ретінде дамуы кезеңінде қазақстанның тәрбиелеудің өзіндік экономикалық жетістіктеріне және ұлтаралық келісімнің нығай түсініне деген мактандың сезімдерінің арта түсіні секілді маңызды да он тенденция қалыптаса бастады.

Патриоттық тәрбиелеу ісінің өзекті проблемасы ретінде қазіргі таңда мемлекет беделін нығайту, халықтың мемлекеттік билік органдарына, атқарушы және сот жүйесіне деген сенімін арттыру мәселелері шығып отыр. Әсіресе құқық корғау органдарына деген сенімді арттыру ерекше көңіл бөлуді қажет етеді.

Бұл тақырып Қазақстан Республикасының Конституциясында, ел Президенті туралы занында, еліміздің ресми рәміздері туралы құжаттарда және т.б. қарастырылған. Сонымен қатар мемлекеттік рәміздер және оны қолдану мәселесі ен бір пікірталасты мәселеге айналған.

Бір ғана мысал келтірелік. Мысалы, Парламент Мәжілісінде Парламент ғимаратында мемлекеттік ту кай жерге ілінуі тиіс деген сұрап біраз пікірталасқа ұласты. Ол әлі күнге белгісіз қалып отыр. Қазақстан Республикасының әрбір азаматы өз үйінің тұғырына мемлекеттік туды іліп қоя

алады ма? Егер ілуге құқығы жоқ болса онда неге деген сұрап туады. Сондықтан, мемлекеттік рәміздер туралы занды, олардың қолданылуын реттейтін нормативті құжаттарды жетілдіру жағиялы және демократиялық болуы керек. Бұл істін өзін қазақстанның патриотизмін арттыру жолында және мемлекеттік саясатты түсіндіруге пайдалануға болар еді.

Ен үлкен пікірталас мемлекеттік тіл және ресми тіл (орыс тілі) айналасында болып отыр. Кейір азаматтар тіпті қазақ тілін білмегендер ел патриоты бола алмайды деп топшылайды. Алайда, ел тәуелсіздігін алғаннан бері пікірталасқа қатысушылардың басым көпшілігі республиканың барша азаматтары қазақ тілін мәжбүрлеусіз, өз еркімен, мемлекет қазақ тілін үйренуге жағдай жасау арқылы игеріп алуына қол жеткізу керек деген шешімге тоқталды.

Қазіргі таңда елімізде шындал келгенде халықты патриоттық тұрғыда тәрбиелеу проблемасын шешуге бағытталған Бағдарламалар, жобалар жоқтың касы.

Оның өзіндік себептері бар. Қазақстанда тәуелсіз мемлекеттіліктің қалыптасуы мен аяғынан тұруы көбіне ен алдымен сыртқы факторларға тәуелді болды, ал ішкі факторлар тәуелсіздіктің алғашкы дамуы кезеңінде айтартылған елеулі рөлге ие болмады.

Сонымен қатар қарастырылып отырған саланы мемлекеттік-құқықтық реттеудің өзіндік ерекшелігін анықтау бойынша және Қазақстан халқын патриоттық тұрғыда тәрбиелеу ісінің ен өзекті деген проблемаларын анықтау бойынша бірқатар жұмыстар жүргізілді. Жасалған сараптаманың қорытындысы көрсетіп отырғандай Қазақстан халқын патриоттық бағытта тәрбиелеу ісінен, қазақстанның патриотизмінің қалыптасуы мен дамуына жете көніл бөлінбей келе жатқандығын көрсетіп отыр.

Мысалы, әлі күнге дейін Қазақстан Республикасының азаматтығын алу кезінде қазақ тілін менгергені жайлы емтихан тапсыру, мемлекеттік рәміздерді білу және оны құрметтеу қажеттігі сынды қарапайым ғана қажет дүние ешбір айтылып занды түрде бекітілмеген. Ал АҚШ-та және басқа да әркениетті мемлекеттерде ел азаматтығын алу кезінде жоғарыда аталған жайларға ерекше назар аударылады. Бұл тұрғыда тарих ғылымдарының докторы, профессор Әзімбай Ғали мәселені былайша сабактайды.

«Қазақстанда қалыптасқан нарық мемлекеттің құру міндеттерін бәріміз мойындағы үлкен постиндустриалды мемлекетке жеткізуге бір белес. Айталақ алдымында дамушы, қалыптасуышы, тіпті аузызы алты қарыс мемлекеттердің қатарына қосылу міндетті тұр. Бұл жолдың оңай еместігін көріп отырмыз. Әлі де отаршылдықтан құтылуудың

ғанда, батыс көрермендеріне арналған. Бұл ретте данышпан Абай: «Кім де кім тек өзі үшін ғана еңбектенетін болса өз қарнын тойдыруши жа-нуарға үқсап кетеді. Адамзат үшін еңбек ету ол мактандыш» -дейді.

Ұғым: Патриотизм – Отанға деген сүйіспеншілік. Космополитизм – дүние жүзінің азаматтығы. Интернационализм – халықаралық қауымдастық; пролетарлық – XX ғасырдың 1 жартысы; социалистік 2 жартысы (XX ғасырдың 90-шы жылдарына дейін). Қазақстандағы ұлтаралық келісім – халықтар достастығы, бір бірін мойындау.

Идея – ұғым; а) ұлттық; ә) біріктіруші.

Қазақстанды Кеңес заманында «халықтар лабораториясы» деп атаған. Қазіргі уақытта елімізде жүзден аса ұлттар өмір сүруде. Төуелсіздік жылдары ұлтаралық келісім саласында істелген істер аз болған жоқ, мемлекетімізде ұлттық идея қандай болуы қажет екендігі тақырыбында көптеген ғылыми мақалалар жазылды. Біздің оймызыша, үш ұғымды тенденция белгісімен белгілей отырып бірге қарастыру керек.

Космополитизм сөзін ақтап алар уақыт келді (ол туралы менің бірнеше мақалам шыққан). Интернационализм (пролетарлық, социалистік) ұлтаралық келісім ұғымдары космополитизм ішіне кіреді және оның құрамадас бөліктері болып табылады.

КР Президенті Н.Ә.Назарбаев барша қазақстандықтарды ортак прогресс, елдің болашағы

жолында жұдырықша жұмылуға шакырды. Н.Назарбаев «Біз әрбір азаматтың абыройы мен атағы бағаланатын, жоғары моральға, этникалық стандарттар мен рухани құндылықтарға орын бар қоғам құруымыз керек», - деген еді. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық және саяси тұрғыда жаңаруы жолындағы жедел дамуында адамның белсенді түрде қатысуына ықпал ететін аса маңызды рухани құндылық – ол өз Отанына деген сүйіспеншілік, өз халқы мен мемлекетіне адал болу – яғни патриотизм болып табылады.

Адамзат тарихында патриотизм сезімін басшылыққа ала отырып таңқаларлық ерлік пен өзін өзің құрбан еткен жарқын мысалдар көптеп көздеседі. Патриотизм жәй ғана философиялық абстрактілі категория емес – ол қоғам дамуын алға сүйреуші маңызды құштердің бірі саналады. Патриотизм Қазақстанды жаңартуда, елді дамыту бағдарламасын жүзеге асыруда аса үлкен рөл атқарады.

Екінші дүние жүзілік соғыстан кейін мысалы Жапонияда патриотизм жұдырықтай жұмылудың аркасында елдің саяси және экономикалық тұрғыда өрлеуінің кепілі болды.

ӘДЕБІЕТ

1. Нысанбаев Ә. Дағдарыссыз даму жоқ // Заман-Қазақстан. 1997. 7 наурыз.
2. Бәйменов Ә. Ұлттар бірлігі – елдің ірілігі // Қазақ әдебиеті. 1995. 2 мамыр.
3. Гали Ә. Қауіптенбе, халайық! // Қазақ әдебиеті. 1995. 21 қараша.